

СҰХБАТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ПРЕЗИДЕНТ ПЕН БІРГЕ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІ БАЯНДЫ ЕТУ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА



Парламенттің кезекті сессиясы аяқталды. Сенат осы кезеңдегі заң шығарушылық қызметін қорытындылап, өнді депутаттар халықпен жүздесуге аймаққа атанды. Жыл ішінде елде елеулі өзгерістер болды. Еуразиялық одақ дүниеге келді. Парламент ел өмірінің сан саласын қамтитын заңдар қабылдады. Осы және одан да басқа мәселелердің мән-жайы туралы Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевпен сұхбаттасу мүмкіндігі туған еді. Бұқаралық ақпарат құралдарына ашық саяси тұлға қатарынан саналатын кейіпкерімізбен біз әңгімені алдымен оның Женевадағы БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымын атқарған кездерінен бастағанды жөн көрдік.

— БҰҰ сияқты ең ірі халықаралық ұйымда жоғары лауазымға тағайындалған алғашқы қазақ дипломатысыз. Белгілі швейцариялық сарапшы Франсуа Нордманн «Le Temps» газетіндегі мақаласында сіздің БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ-ның Женевадағы бөлімінің Бас директоры лауазымындағы қызметіңізге талдау жасай келе, «Қасым-Жомарт Тоқаев бұл міндеттің артықшылықтары толық көлемде пайдалана отырып, барыша жоғары жетістікке қол жеткізі, елеулі із қалдырды» деп жазды. Осы ұйымда істеген екі жылдан астам уақыт сіз үшін қаншалықты құнды, қандай мәселелер бойынша көзқарасыңызға өзгеріс әкелді?

— Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынымы бойынша Женевада орналасқан БҰҰ бөлімін басқарудың зор құрметіне ие болдым. 2011 жылға дейін бұл құрметке бір америкалықтан басқа, негізінен еуропалықтар ғана ие болған еді. БҰҰ Женева бөлімінің тарихында жаһандық ауқымдағы шараларды қамтамасыз етумен айналысатын бұл маңызды кеңсені Азия өкілінің басқаруы алғаш рет екен. Сөйтіп, БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның шешімімен мен БҰҰ-ның құрметті кеңсесінің ХІІІ Бас директоры болып қызмет атқардым.

Менің БҰҰ жүйесіндегі қызметім мен Қазақстанның ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті дамытудағы ерекше жауапкершілік танытқан ел ретіндегі рөлі, жалпы, Женевадағы екі жарым жылдағы жасаған мәлімдемелермен жақында жарық көретін кітабымда оқырмандар таныса алады.

— Бірмәселі еуропалықтар 13 санына үрке қараған жоқ па?

— Үлкен саясаттың адамдары ырымға сенсе бермейді. Алайда 13 санын киелі санайтын қазақ жұрты үшін БҰҰ-ның жоғары лауазымды ресми адамдарының арасында ерекше орын алатын, БҰҰ Бас хатшысының Швейцариядағы ғана емес, басқа елдердегі де көптеген форумдардағы жеке үәкілі болып табылатын БҰҰ Женева бөлімінің Бас директоры қазақ азаматы болғаны жақсы ырым болғаны анық. Бұл — бүкіл әлем саясаткерлері ұлы мемлекет қайраткері және реформатор ретінде танып, мойындайтын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық биік белінін

арқасында мүмкін болғанын тағы бір рет атап өткізіп келеді.

— Халықаралық сарапшылар Қару-сыздану жөніндегі конференция он жылдан бері тұйыққа тірелген кезде, қазақстандық дипломат оған жан бітірді дегенге саятын пікір айтты. Осы орайда Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту бастамасын беткеуестер еткен кезіңіз болды ма?

— Үлкен саясатта кішікенті мәселе жоқ. Адамзатты толғандыратын кез келген проблема жан-жақты зерделеніп барып, түбегейлі шешім қабылданады. Қару-сыздану жөніндегі конференцияның қызметін жандандыру жолында біршама жұмыс атқаруға тура келгені рас. Мен Конференцияның жұмыс тәсілін қайта қарайтын жұмыс тобын құруды ұсындым және қатысушы мемлекеттер бастамады кенінен қолдады. Бұл топ айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді, бірақ алда атқарар жұмыс әлі де жеткілікті. Қарусыздану мәселесінде ең бастысы — сабырлықпен нәтижесін күте білу, оған барынша еңбек ету.

Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту бастамасына келсек, бұл — бір мен ғана емес, әлем саясаткерлері беткеуестер ететін жаһандағы ең үлкен көреген саясат.

Президент Н.Назарбаев 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық сынақ полигоны жабылғаннан кейін, өзге мемлекеттерді ядролық қарудан бас тартуға шақырды. 1992 жылы 22 мамырда Қазақстан әлемдегі төртінші ядролық әлеуетті ел бола тұра, ерікті түрде жаппай қырп-жою қаруынан бас тартатынын бүкіл әлем алдында мәлімдеді. Лиссабон хаттамасына қол қойып, бұл шешім АҚШ, Еуропаның белделді елдері мен БҰҰ тарапынан қолдау тапты. Сондықтан да Қазақстанның әлем тарихында ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан бірінші ел ретінде ғаламдық қарусыздану мәселесінде бастамалар көтеруге моральдық толық құқы бар.

АҚШ президенті Барак Обама Оңтүстік Корея астанасы Сеулде болған Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық екінші саммитте Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевқа: «Осыдан 20 жыл бұрын Қазақстан ядролық қарудан бас тарту жөнінде батыл шешім қабылдады. Бұл жағдай Қазақстанның гүлденуі мен дамуына ғана қызмет етіп қойған жоқ,

сонымен қатар ядролық материалдарды жою жөнінде бүкіл әлем бойынша күш-жігерді біріктіруге бағыттайтын өзіндік бір модельге айналды. Сондықтан мен осы саладағы сіздің жетекшілік рөліңізді өте жоғары бағалаймын», — дегені де естеріңізде болар.

Бұл — тарих. Ал біздің Елбасы туралы тарихты жасайтын тұлға деген сөзді күнәсіз айтуға болады.

— Сіз он жыл бұрын «Беласу» атты кітабыңызда посткеңестік интеграцияның табыстарымен қоса, сөзсіздіктерін де талдаған едіңіз. Сонда сіз Батыста интеграция мәселелері, еркін сауда ережелері егжей-тегжейлі зерттеліңіз, сол арқылы олар өз рыноктары қорғау механизмдерін дер кезінде іске қосатындығын, ал ТМД-да тонағалаған құжаттар шығарылғанымен, нақты нәтижелер болмай жататындығын айтқаныңыз жазылған. Содан бері жағдай өзгерді ме?

— ТМД-ның артықшылықтары мен кемшіліктері туралы, интеграция мәселелері, еркін сауда ережелері, әр мемлекеттің өз рыногын қорғау механизмдері туралы соңғы жиырма жылда көп айтылды. Уақыт орындала тұрмайды. Осы аралықта әлем адам танымастай өзгерді, жаһандық қауіпсіздіктің жаңа қырларымен қатар, адамның дүниетанымын, адамзат келешегін түп-тамырымен өзгертетін инновациялық технологиялар пайда болды. Осы жиырма жылда Қазақстан да түбегейлі өзгерді, елде нарықтық реформалар табысты жүзеге асты, экономика сан есе өсті, модернизацияланды, халықтың әл-ауқаты едәуір артты.

Осыны көріп отырған ТМД елдері, әсіресе, бүгінгі одаққа мүше үш елдің мемлекет басшылары осыдан 20 жыл бұрын Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың интеграциялық байланыстар экономикалық одаққа алып келетіні туралы айтқан пікірін көргендік екеніне көңілдері сенді. Сөйтіп, Елбасымыздың табанды саясатының арқасында экономикалық одақ құру идеясы ақиқатқа айналды.

Қазақстан еуропалық және азиялық құрылымдарды байланыстырып тұрған арадағы буын іспетті. Сондықтан да жақында ғана баріміз куә болған Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекет басшыларының Еуразиялық экономикалық одақ

туралы шартқа қол қоюы аса маңызды тарихи оқиға болды.

— Одақтың жаһандық экономиканың қуатты күшіне айналуы мақсат етуі заңдылық. Алайда әлемдік кеңістікте алдыңғы қатарлы аймақтық интеграциялық құрылымдардың арасынан топ жарып, алдына шығуға қажетті алғышарттар бар ма? Сіздің ойыңызша, бұл одақ Қазақстанға несімен тиімді?

— Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, ЕЭО жана жаһандық инновация және транслаттық бизнес орталығы болуға тиіс, сонда қазақстандық өнімдердің, капиталдың, жұмыс күштерінің еркін қозғалысы, бірлескен кәсіпорндар құру, сонымен қатар байланыстарды күшейту — осының барлығы ел экономикасының дамуына он ықпал етпек.

Еуразиялық экономикалық одақтың тиімділігі сол, ең алдымен Қазақстан үшін — 170 миллион адамдық ортақ нарыққа шығу мүмкіндігі туалады. Әрине, осының нарықтың есігі ашылғанымен, оны игеру үшін біршама уақыт керек. Қазақстанның ресейлік шекараға жақын жатқан облыстарындағы іскер орта бизнесінің осы аумаққа алып шыға бастаса, аймақтың дамуына үлкен үлес болары сөзсіз.

Жана экономикалық одақтың тағы бір тиімді жағы, Беларусь пен Ресейге қарағанда салық деңгейі төмен болғандықтан, іскер адамдар бизнесін, негізінен, Қазақстанға алып келуге, бірлескен кәсіпорндар ашуға мүмкіндігі ашыла. Оның үстіне, қазіргі қолданыстағы заңнамалық Қазақстан экономикасына шетелдік инвесторлардың тартынбай келуіне және бизнесін тез көтеруге мүмкіндік беретіндіктен, біздің ел шетелдік бизнесінің ЕЭО-ның біртұтас нарығына шығатын терезе боларына сенім артуға болады.

— Еуразиялық экономикалық одақтың көлемі тек бұрынғы келесі елдерінің ұйымы ретінде қала ма, әлде оған басқа елдердің, мәселен, Түркия сияқты үлкен мемлекеттердің қосылуы мүмкіндігі бар ма? Олар үшін қандай алғышарттар болуы керек?

— ЕЭО — өзге мемлекеттердің қосылуына ашық халықаралық ұйым. Әрине, ол үшін үміткер мемлекет өзінің ұлттық заңнамалық базасын экономикалық одақтың талаптарына сәйкестендіруге тиіс.

Бұл жерде «үлгі экономикалық одаққа мүше болуға ұмтылушылар қатары өсуіне не ынталандыруы мүмкін?» деген сұрақ туындайды. Әуелі қызығушылық тудыратын фактор ретінде Келен одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік жұмыс істегеннен бергі жылдарда оған мүше-мемлекеттер арасындағы сауда айналымының қаншалықты артқанына тоқталарымыз. Соңғы төрт жылда Қазақстан, Ресей және Беларусь елдері арасындағы өзара

сауда көлемі екі есе өсіп, ол өткен жылы 64 миллиардқа жетті. Бүгінде жалпы көлемі 6 миллиард доллар болатын 50-ден астам қазақстандық-ресейлік жобалар жүзеге асырылуда. Міне, осы интеграциялық байланыстардың нақты көрінісінің өзі де біраз елдердің қызығушылығын оятады деп ойлаймын. Жұмыс арада одаққа Армения мен Қырғызстан да еңбекші.

Ал Түркияға келсек, ол — маңызды ері өркенді еуразиялық ел. Жақында Елбасы бұл туралы өзінің ойын анық білдіргені белгілі. Ол Түркияны ЕЭО-ға қауымдасқан мүшесі ретінде шақыруды ұсынды. Меміңше, ЕЭО үштігі мен Түркия экономикалық тұрғыдан бір-бірін едәуір толықтырып тұрады еді. Айталық, көлік және транзит мәселелерінде. Сондай-ақ Түркия — менеджмент, құрылыс, туризм, логистика және ауыл шаруашылығы сияқты салаларда елеулі тәжірибеге ие ел. Бұл мемлекетпен тығыз қатынас Одақтың шапшаң экономикалық модернизацияға қол жеткізуіне де себін тигізеді еді.

— Дегенмен бұрынғы КСРО құрамында болған елдер ЕЭО-ға кірсек, Мәскеудің ықпалына түсіп қаламыз, сөйтіп, баяғы Одақтың құрсауы қайта орнайды, тәуелсіздігімізден айырылып қалу қаупі тууы мүмкін деп қорқамыз.

— ЕЭО — аты айтып тұрғандай экономикалық одақ, тең терезелі мемлекеттердің тек қана экономикалық мүддеге құрылған бірлестігі.

Тәуелсіздігімізге келсек, оны баянды ету тек өз қолымызда. Отанмыздың тағдыры мен болашағымыз біздің қырағылығымызға, ел игілігі үшін жанқиярлықпен еңбек етуімізге, рухани даму жолында болуымызға және жалпы, туған елге деген шексіз сүйіспеншілігімізге байланысты болады. Бүгінгі күнде Қазақстан — әлемдік қауымдастық ресми таныған, шекарасы айқын, өркеніетті даму жолын бетке алған мемлекеттігінің барлық толыққанды атрибуттары бар ел. Оның тәуелсіздігіне ешкім қол сұға алмайды, оған жол берілмейді. Оған әрқайсысымыз жауаптымыз.

Біздің экономикалық дамуымыз, өркендеуіміз көп жағдайда біздің айналымымыздағы әлеммен қаншалықты тиімді ынтымақтастық қарым-қатынаста болуымызға байланысты екені анық. ЕЭО жөніндегі шарт — біздің елдің мүдделеріне толық жауап беретін, жан-жақты пысықталған құжат.

Біз Еуропалық одақтың тәжірибесіне көп үніміз. Шындығында, ондағы жағдай оңай емес деп айтар едім. Брюссель мен ұлттық астаналарында мыңдаған саясатшылар, сарапшылар және ықпал ету топтары ортақ нарық қызметінің барлық аспектілерін келістіру үшін жұмыс істейді. Бұл күнделікті қарбалас еңбек. Онсыз болмайды.

Бізге де тыңғылықты еңбекке, экономикалық кооперацияға саясаттандырысыз, кәсіби ұстаныммен қарауға бейімделу қажет.

— Украина мен Ресей арасындағы жағдайдың шиеленісуі, Батыстың Ресейге қатысты қатаң экономикалық санкциялар қолдануы ықпалдылығы одақтың экономикалық тиімділігін төмендетіп, ұлттық экономикамызға «салқынын» тигізбей ме?

— Үлгі экономикалық одаққа мүше — елдер үшін Ресей ең ірі сауда өріптесі екені рас. Мәселен, сарапшылардың айтуынша, Қазақстанға келетін тауардың 36 пайызы — ресейлік өнімдер, ал Қазақстан экспорттың 7 пайызы Ресей нарығына шығарылады.

Украинадағы жағдай және Ресейдің Батыспен арадағы қатынастардың одан әрі ұшығы қаупі бізді бей-жай қалдырмайды. Алайда экономикалық санкциялар елімізге тікелей әсерін тигізбейді. Жалпы, бұл мәселе мемлекетіміздің жіті бақылауында.

— Жақында Астанада ЭКСПО — 2017 көрмесінің өтетіні ресми түрде жарияланды, оны ұйымдастыруға бюджеттен 300 миллионға жуық евро бөлінетіні мәлім болды. Мұндай ауқымды халықаралық жоба өзін қаншалықты ақтайды, бұл қаржыны одан да елдің әлеуметтік мұқтажларын өтеуге жұмсаған жөн емес пе деген пікірге не айтасыз?

— Бүгінгі күннің қамымен, өз қазанында қайнап, қамсыз, қаперсіз отыратын заман емес. Қазір жаһандандың, инновацияның, ғылымға негізделген экономикалық дамуында заманы. ЭКСПО — 2017 көрмесін өткізу арқылы Астана ірі халықаралық көрме және ақпараттық алаң мәртебесін иеленеді. Қазақстан ең үлкен инновациялық жобалар көрмесі өткізілетін және сол үлдік жобаларды экономикасына батыл енгізе алатын дамушы ел ретінде танылатын болады.

Бұл күнде ЭКСПО — 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін Дайындау мен оны өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылғанынан және Үкімет 2013-2018 жылдарға арналған ЭКСПО — 2017 көрмесін ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі Ұлттық жоспарды қабылдағанынан республика жұртшылығы жақсы біреді. Парламент ЭКСПО — 2017 халықаралық көрмесін ұйымдастыру мен өткізуді қарастыратын арнайы заңдар қабылдады.

Өзі еліңде өткізу мүмкіндігі екінің біріне бұйыра бермейтін халықаралық шараны жеңіп алу бір белес болса, оны абыроймен өткізу — үлкен жауапкершілік.

Енді бұл шараны өткізгеннен Қазақстан қандай пайда көреді дегенге келсек, ЭКСПО — 2017 көрмесін өткізу барысында ондаған мың жұмыс орындары құрылады, ішкі туризмді дамыту, шетелдік туристер ағынын арттыру және басқа да табыстарға қол жеткізіледі. Көрме нысандарының құрылысына инвестиция тартудан басқа, елімізге экономикалық тиімділік мәселелері де ескерілетін. ЭКСПО аясында бой көтеретін нысандар болашақта Қазақстан

мен оның елордасын ірі халықаралық, көрме және ақпараттық-танымдық алаңы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Астана мен іргелес жатқан өңірлердің шағын және орта бизнесіне де дамытуға жана серпін беріледі. Сондай-ақ бұл халыққа қызмет көрсету саласы, қонақүй бизнесі мен ішкі туризмнің дамуына да ықпалын тигізеді.

— Енді Сенаттың осы сессиядағы «Қазақстан — 2050» стратегиясына тундайтын міндеттерді жүзеге асыруға қажетті заңдармен қамтамасыз ету барысы жайына тоқталсаңыз.

— Стратегияның өзекті мақсаты — әлемнің енді 30 елінің қатарына ену. Бұл — ұзақмерзімді ұлттық идея. Елбасы алға қойып отырған ғылымға негізделген экономиканы қалыптастыру басымдығы оған дейін де қабылданған дама бағдарының заңды жалғасы болып табылады. Мәселен, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы жасалғаны белгілі. Осыған бағытталған заңнамалық негіз жасауда Парламент 50-ден астам заңдарға тиісті өзгерістер енгізіп, қабылдады. Айталық, таяуда «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері туралы заң қабылданды.

Елбасы индустрияландыруды іске асыруда еліміздің аймақтарына негізгі рөл берілуі қажеттігін айтқаны белгілі. Аймақтарды дамыту олардың экономикалық әлеуеті негізінде өнеркәсіп өндірісіндегі салалық ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылуы қажеттігі міндеттелді. Аймақтардағы биліктің осы бағытта жұмыс істеуіне, салалық кластерді дамыту, олардың инфрақұрылымдарымен айналысу және кадрлармен қамтамасыз ету барысында белсенді жұмыстар жүргізуі қажеттігі тапсырылды.

Президент саясатының басты басымдықтарының бірі — ғылымға негізделген экономиканы қалыптастыру екені мәлім. Бұл дегеніміз — қазақстандық ғылымның әлеуетін арттыру талап етіледі деген сөз. Сондықтан да ішкі жалпы өнімнің 3 пайызынан кем емес деңгейде ғылымды қаржыландыруды бірте-бірте ұлғайтудың нақты жоспары қолға алынатын отыр.

Ұзақмерзімді стратегияның жүзеге асуы үшін Парламент депутаттарының алдына зерттеулерді және инновацияларды қолдау, ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыру, венчурлық қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі заңнамаларды жетілдіру міндеті қойылды.

Сонымен қатар кәсіпкерлікті дамытуға, инвестициялық ахуалды жақсартуға мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлініп отыр. Осы сессияда бизнесті дамытуға әжептәуір ықпал ететін бірқатар заңдар қабылданды. Солардың ішінде шұғыл түрде инвестициялық ахуалды жетілдіру мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырған енгізу туралы заңы әзірленіп, қабылданғанын білесіздер. 12 маусымда Шетелдік инвесторлар кеңесінің 27-отырысындағы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзінен кейін қол қойылған бұл заңда корпоративті табыс салығы мен жер салығын төлеуден — 10 жылға, Қазақстан экономикасының басым секторлары үшін қаржы салуға дайын инвесторларға мүлік салығын төлеуден 8 жылға босату көзделген. Бұл инвесторлардың өз бизнесін Қазақстанға алып келуіне жол ашды.

Сондай-ақ еліміздің қылмыстық, қылмыстық-атқару және қылмыстық-процестік кодекстері, сондай-ақ әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі жаңарды.

Жалпы, сессия барысында Парламент жүзден астам заң қабылдады. Солардың ішінде Мемлекет басшысының «Қазақстан — 2050» стратегиясына тундайтын міндеттерді жүзеге асыруға арналған 30 заң және аталған төрт кодекстер бар.

— Заңдардың қандай біріншілік нұсқасының сапасы жөнінде сын жүй айтқалады. Бұл мәселенің шешімі қандай деп ойлайсыз?

— Оның ең басты себебі — заңның әуелде орыс тілінде жазылып, сосын қазақ тіліне аударылатынында. Заң әуелде мемлекеттік тілде жазылса, терминдер мен баламалар бір ізге түсірілсе, қазақ тіліндегі нұсқасының сапасы туралы мәселе өз-ақ қайтып болар еді. Бұл орайда сан салаға қатысты заңдарда қолданылатын терминдер мен түсініктерді сауатты түсініп жазатын мамандар даярлау қажеттілігі туындайды.

Уақыт өте келе бұл мәселе он шешімін табады деп ойлаймын. Әсіресе, жас буынға үміт зор.

— Заңдардың орындалу барысын қалағалап отырасыздар ма?

— Әрине. Сенат депутаттары, негізінен, аймақтардың аманатын арқалаған халық қалаушылары екенін жақсы білесіздер. Сессия барысында депутаттар өздері сайланған аймақтарға барып, халықпен кездесіп, заңдардың орындалуын және Елбасы алаға қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру үшін басқа да қандай іс-әрекеттер қажеттігін зерделеп отырады.

Ел экономикасының дамуы мен әлеуметтік мәселелерге орай Сенат комитеттері аймақтарда көшпелі отырыстар, кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізіп, халықтың мұн-мұқтажын, заң шығару қызметіне сапалы үлесін қосатын ұсыныстар мен тілектерін тыңдап, қажет болған жағдайда Үкіметке, басқа да құзырлы органдарға депутаттық сауал арқылы жеткізеді, қандайда кемшіліктер болса қажетті шаралардың қолданылуын талап етеді. Мәселен, осы сессия барысында 140-тан астам депутаттық сауал жолданды. Сол сауалдар бойынша тиісті шешімдер қабылданып, көптеген мәселелер он шешімін тапты.

— Сұхбатыңызға рақмет!